

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Мартин Хайдеггер (1889–1976)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер (1889–1976)

## Болмыс және уақыт (1927)

«Болмыс және уақыт» кітабының авторы ХХ ғасырдағы ең көп талқыға түскен философтардың бірі болды, өйткені 1933 жылы ұлттық-социалистік партияға кірген еді. Хайдеггер ұзақ уақыт бойы философияның саясатқа және өз дәуіріне жауаптылығы мен қатыстылығы туралы ойлардың алдыңғы легінде тұрары анық. Оның өмірі қазірге дейін үнемі зерттеу мен сынау нысаны болып келеді. Алдымен, оның қысқаша өмірбаянын ұсынамыз, содан соң «опус магнумымен», яғни ұлы туындысымен танысамыз. Мартин Хайдеггер Германияның Баден жеріндегі Мескирхте, діни жораларды қатаң ұстанатын католик отбасында дүниеге келген.

1903–1909 жылдар аралығында Констансада орта білім алады және Фрайбургта лицейде оқиды. Хайдеггердің университетте білім алуы да сол жерде басталады, бастапқы төрт семестрінде теологияны оқиды, кейін одан бас тартып, философия мен басқа ғылымдарға ықыласы ауады. Ницше, Кьеркегор, Тракл және Дильтей шығармаларының жілігін шағып, майын ішкен Хайдеггер 1909 жылы Гуссерль еңбектерімен танысады. 1913 жылы Гуссерль идеяларының желісінде докторлық диссертациясын қорғайды. 1914 жылы денсаулық жағдайына байланысты әскери борышынан босатылған ол 1915 жылы академиялық ортада мойындала бастайды. Көп ұзамай оны приватдоценттікке тағайындайды. Гуссерль Фрайбургқа келген соң, мұнда Хайдеггер екеуінің арасында достық қатынас орнайды. 1917 жылғы мобилизациядан кейін Хайдеггер метеорология мекемесіне қызметке тұрады. 1919 жылы оқуын қайта жалғастырады. Хайдеггерді Марбург университетіне оқытушылыққа тағайындайды, философ онда 1923 жылдан 1927 жылға дейін жұмыс істейді, содан соң Фрайбургте Гуссерльдің ісін жалғастырады. Марбургте «Болмыс және уақыт» шығармасын бастаған ол аталған еңбегін 1926 жылы таудағы лашығында аяқтайды. Форе-Нуардағы Тоднаубергте орналасқан бұл лашықты Хайдеггер өз қолымен тұрғызған еді. Гуссерльдің зейнетке кетерінің алдында философтар аз ғана уақыт бірге жемісті еңбек етеді. Гуссерль Хайдеггерге мирасқоры болуды ұсынады. Алайда Хайдеггердің оған аса ықыласы болмайды. Ол 1929 жылы Кассирермен Кант туралы пікірталасты бастайды. Одан әрі философ өмірінің қазіргі зерттеушілерді аса қатты толғандыратын аласапыран кезеңі басталады. Хайдеггер нацистердің ашық қолдауымен ректор болып сайланады, ал сайлауда жеңіліс тапқан эксректорды қызметтен кетуге мәжбүр етеді. Сол жылдың 1 мамырында Хайдеггер нацистік партияға салтанатты түрде мүшелікке кіреді, әйтсе де университеттің тәуелсіздігі идеясын қолдағанымен, жаңа режимді қорғайтын ойларын жариялайды. 1934 жылдың ақпанында партия органдарымен келіспей қалған Хайдеггер ректор қызметінен кетуге мәжбүр болады. Екінші Дүниежүзілік соғыс алдындағы кезеңде философ өте аз жарияланды. Өзінің сүйікті ақыны Гельдерлинді оқумен болды. 1945 жылы француздың басқыншы билігі оқытушылық қызметтен аластатқан Хайдеггер дүниені аралап, шағын топтар үшін конференциялар ұйымдастырады. 1951 жылы қызметіне қайта оралып, аз уақыт ішінде үздік оқытушы атанады, коллоквиумдар мен қоғамдық іс-шараларға қатысуын жалғастырады. Дүниенің түкпір-түкпірінен оны құрметтеушілер табылады. Хайдеггер сұлбасын өзі түзген шығармалар жинағының бірінші томы жарыққа шыққан жылы туған қаласында дүниеден өтті.

Гуссерльдің «Философия және феноменологиялық зерттеулер альманахының» топтамасында алғаш рет жарияланған «Болмыс және уақыт» – өте күрделі шығарма. Ұсынылып отырған түйінде шығарма «ішкі астары» тұрғысынан қарастырылады. Түсіндірмеде біз бірнеше өзекті мәселені көтеруге тырысамыз.

## Эпиграф ретінде

«Болмыс және уақыт» кітабында эпиграф ретінде «Софистен» үзінді беріледі: Платон «болушы» сөзін түсінудің қиындығы туралы айтады. Ол нені білдіреді? Бұл сұраққа кеше де, бүгін де жауап табылмай отыр. Мұндай кіріспе «Болмыс және уақытты» тіршіліктің герменевтикасы мен аналитикасына сүйенген және метафизиканың «Болмыс қандай мәнге ие?» дейтін өзекті сұрағына қайта келуді мақсат тұтқан феноменологиялық онтология сипатында көрсетеді. Хайдеггер бұл сұрақтың елеусіз, ұмыт қалғанын және оған ешкімнің қайта оралмағанын айтады.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер (1889–1976)

## КІРІСПЕ: Болмыстың мәні туралы мәселе

Хайдеггер ойының бастапқы нүктесі – Дазайн, мағынасы кітаптың баяндалуы барысында түсінікті бола түсетін, аударуға келмейтін термин. Ол болмыс туралы емес, «болушы болмыс» туралы айтады. «Болмыс болушы болмыс түрінде көрініс тапса, онда болмыс сауалы болушыға бағытталады». Болмыстың өзінің мәні – Дазайн деп аталатын өзгеше болмыс. Бұл Дазайн – маңызды болушы ретінде ойда «өмірде бар болушының болмысы» сипатында көрініс таппай қоймайтын сәтте философ күмәнданар нәрсе.

Бұл – Хайдеггер зерттеуінің нысаны. Тек Дазайн ғана (Da-Sein – осында-болмыс), кез келген маңызды онтологиялық мәселені қарастыру үшін таңдаулы ұғым бола отырып, іргелі онтологияны зерделеуді қамтамасыз етуі мүмкін. Жоспар және әдіс Дазайнды ерекшелейтін, сипаттайтын және анықтайтын нәрсе оны дүниеде бар да етеді. Өз болмысында ол әуелден өзінің өзіндік болмысынан және кез келген болушы болмыстан тұрады. Сонымен, Хайдеггер алдына мынадай үш міндет қояды: – оның болмысының іргелі құрылымын көрсетіп, анықтамасы «дүниеде болу» екенін ескере отырып, Дазайнның онтологиялық құрамын түсіну және сол құрамға енетін болмыс мәнін ұғыну; – Дазайнның уақыттық және тарихи мәнінде қалай туындайтынын көрсету; – болмыс мәнінің айқын аясы уақыт екенін ашып көрсету. «Болмыс және уақыттың» бұл міндеттерді орындай алмайтынын айтқан жөн. Ойластырылған жұмыстың бірінші бөлімі ғана жарық көрді, яғни бұл кітап Дазайнның уақыттыққа орай қолданысын түсіндіруге арналған. Бастапқы жоба үш бөлімге жіктелген, әйтсе де олардың алғашқы екеуі ғана жарыққа шыққан: «Дазайн аналитикасы» және «Дазайн мен уақыттық». Үшінші бөлім, керісінше, қойылған сол мәселеге – кіріспеде баяндалған жұмыстың бастапқы кезеңіне арналуы қажет еді. Ол Уақыт және болмыс деп аталды. Дазайнның өзі тарих болғандықтан, кез келген онтологиялық философия өзінің жинақтаған тәжірибесін және таным теориясында бар ескі ұғымдарды елемеді мақсат тұтып, онтологияның даму тарихын қайта қарауға міндетті.

«Қазірге дейін көптеген тармақтар мен туыстық ілімдер формасындағы негізгі философиялық ұғымдарды анықтайтын көне грек онтологиясы мен оның тарихы Дазайнның өзі түсінілетінін және болмысты негізінен әлем тұрғысынан түсінетінін айғақтайды. Осы жолмен дамыған онтология құнсызданады, өйткені дәстүр оның ескі негізде кері кетуіне мүмкіндік береді және оны қайта өңдеп шығуға қажетті қарапайым құрылыс материалы деңгейіне дейін түсіріп жібереді».

Бұрынғы философтарға мәселенің түп-тамырына үңілуге және зерделеуге не кедергі болғанын түсіну қажет. Хайдеггер өзінің алдына қойған мәселені басқалардан тек Кант қана түсінуге жақындай түсті. Сонымен, ол өз алдына үш ұғымды көлденең тартады:

- «феномен», болушының формасы, оның көз алдымыздағы көрінісі;
- Хайдеггер болушының «түйсінуі» ретінде анықтаған «логос». Оның көмегімен болмыс шындығына жарық түседі, оны көруге мүмкіндік туады;
- уақыттық ұғымындағы «феноменология». Ол – феномендер туралы ғылым емес, бар нәрсені ұғыну тәсілі. Бұл тәсіл болмысты болушыдан кейін қоюы тиіс: «Үнемі тасада не қараңғылықта қалып қоюшы немесе тек бетпердемен шығушы – ешқандай да болушы емес, керісінше, бұрынғы ойлар көрсеткендей, болушының болмысы».

Осылайша, болмыс мәселесіне жүгінуден қос міндет туындайды: Дазайнның іргелі онтологиясын құру және онтология тарихын феноменологиялық тұрғыда күйрету. «Болмыс және уақыт» бірінші міндетті шешеді. Ал екіншісі, шешілмеген күйінде қалған.

## БІРІНШІ БӨЛІМ: ДАЗАЙНДЫ ІРГЕЛІ ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

### I тарау

Дазайнды талдау міндеттерін баяндау алдын ала талдау, ең алдымен, оның іргелі құрылымын кәдімгі күнделікті тіршілігінде қарастырады:



«Талдауымызды қажет ететін болушы – біз қандай болсақ, сондай. Бұл болушының болмысы әрдайым менікі. Өзінің болмысында ғана бұл болушы өз болмысымен сәйкеседі. Осы болмыстың болушысы ретінде оған болу ұйғарылады. Сөз осы болушыға тән болмыс туралы болып отыр».

Дазайнды негізінен «маған тән», «мен болу» фактісі анықтайды. Болмысты түсінудің мұндай тәсілі философияны немесе антропологияны қызықтырмайды. Олардың пікірінше, адам болмысы – өзге жаратылған заттардың қолжетімді болу мағынасындағы өзінен туындаушы.

## II тарау

Дүниеде-болу Дазайнның негізгі мазмұны ретінде Дазайн дүниеде-болу (In-der-Tot-sein) ретінде келеді: «Дүниеде-болу» күрделі сөз орамы біртұтас феномен екенін өзі көрсетіп отыр. Бұл алғашқы өлшем өзінің тұтас қалпында қабылдануы тиіс», сонымен қатар: «Себебі «дүниеде-болу» Дазайнға тиесілі және оның болмысы дүниеге қатысы бойынша қам-қарекет, толғаныс тақырыбы саналады». Сөйтіп, Дазайн сыртқа, білімге бейімделген: «Дазайнның өзі «дүниеде-болмыс» ретінде кім білсе, сол».

## III тарау

«Дүние» онтологиялық мағынада болушының көрінісі бола алмайды. Дазайнның да болушы болуы міндетті емес. Бұл – Дазайнның өзінің сипаты. Дазайн өзі – тұрақты қам-қарекеті нысандарының, ал оның болмысы – «осында-болу» (In-sein) және «бірге-болу» (Mit-sein) – Өзгелердің жанында болады. «Дүниені қоршаған орта» экзистенциалды сипаттама ретінде Дазайнға жатады, өйткені дүние – абстрактілі кеңістік немесе космос емес, ең алдымен, қоршаған дүние, қоршаған орта.

А. Жалпы мағынадағы қоршаған орта. Құралдар өзінің нақты міндетімен анықталады. Дүниенің бәрі өз мағынасына ие «сілтеме жүйесі» ретінде құрылған, Дазайнның күнделікті қам-қарекеті осы дүниеде өріс алады. Балғаны көргенде мен өзіме оның «субстанциясы» туралы емес, оның «қолданысы» туралы сұрақ қоямын, мысалы, ...соғу «үшін мен қолдана алатын зат ретінде. «Белгі – байланыстырушы әмбебап модус ретінде көрсетіледі». Өйткені Дазайн үшін «дүниеде-болу» – ең алдымен қолжетімді және қам-қарекетінің нысаны саналатын болушының төңірегіндегі ішкі дүние болмысымен қарым-қатынасын білдіреді. Дазайн қам-қарекетінің тағы бір объектісі – Өзгелер және байланыс мағынасындағы оның өзі: міндет. Қарым-қатынас Дазайнды дүниеге тартады, сол себепті оның қозғаушы күшіне, әрекет мүмкіндіктерінің өріміне айналады. Дазайн ішке емес, сыртқа бағытталған.

Ә. Декарт ұғымындағы дүние. Декарттың ерекшелейтіні – «ego cogito», яғни мен ойлаймын, «res corporea» – зат мәні. Демек, оның пікірінше, зат – субстанция. Таза білім, математика және физика затты, дүниені тануға мүмкіндік береді. Декарттың «дүниесі» өзінің болмысына, субстанциялылық ұғымына жасырын тартылған «болмыстың белгілі бір идеясынан бастап, болмысы сол идеяға сәйкес келетін болушыдан хабардар таным идеясына дейін» күштеп қол жеткізеді.

Б. Дазайнның қоршаған дүниесі мен кеңістігі. Дазайн, әдетте, алшақтауды қажет етеді, ал ол – болушы, солай бола тұра «болушыға жақын жерлерде кездесуге мүрсат береді». Сонымен қатар «Дазайн өзінің «осындасын» өзінің «сондасынан» – өзінің қоршаған дүниесінен бастап түсінеді». Демек ол кеңістікте орналасу, басқаша айтқанда, орнын анықтай отырып, жақындау саналады.

## IV тарау

Дазайн және әлдекім: Дазайн ешқашан өзгелерден оқшауланған «өзімен-өзі» болмайды. Керісінше, «Дазайн дүниесі – жалпы дүние». Дазайн тіршілігі – қатар тіршілік ету. Ол – «бірге-



болу». Демек, дүние – «бірге-дүние», сондықтан жалғыздықта болуды «бірге-болу» жеткіліксіз модусы ретінде қарастыруға болады. Сол сияқты Дазайн құралдармен байланыста болса, өзгелерге қатысты алғанда қам-қарекетке де байланыста болады. Болушының болмысы – «болушы үшін» болмыс. Алғашында «өзгелермен-болу» пайда болады. Өзгелерді заттардың көптігі ретінде қабылдай алу үшін өзгелерге деген бұл қатынастан арылу қажет:

«Көп объектіні санап шыға алу үшін олар алғашында тіршілік етушілер ретінде, содан соң жай ғана сол бір түрдің «үлгілері» мен «реттік нөмірлері» ретінде қарастырылуы керек».

Дазайн ешбір айырмасыз кез келген өзге ретінде қабылданғанда, «әлдекім» пайда болады. «Әлдекімнің» нақты ештеңесі болмайды. Бұл – болмыстың көптеген мүмкіндіктерін жою. Ол тәуелділік және дерексіздік болмысының модусы саналады. Дазайн ешбір күштеусіз осы «әлдекімде» қалады: «Ең әуелі Дазайн әрқашан әлдекім болады және көп жағдайда солай қалады».

## V тарау

Жалпы «...болу»: Дазайн – «дүниеде-бар болу». Осында болу географиялық мағына бермейді. Бұл – болушыға айналу деген сөз.

А. «Осында» түсінігінің экзистенциалды конституциясы. Дазайн осында болуы тиіс, бұл оның болмысының жобасы секілді дүниеге тастанды-болуды жүзеге асырарда орындалады. Дазайнның табиғи емес болмысы оған әу баста пайда болған сәтінде тән болады. Оның бар болуы мынадай негізгі ұғымдармен тұтасады: түсіну; қабілет; мағына; қызбалық; жоспар; сөз, дүниеде-болмыс құрылымының маңызды артикуляциясы... Сөз Дазайнның «ашылуын» құрайтын ұйғарымды түсінік, бір мезетте дүниенің бірде-бір халін оған ашпайтын, оның шындықтағы болмыс тәсілін көрсетеді.

Б. «Осында» ұғымының күнделікті болмысы және Дазайнның тоқырауы. In-sein бола отырып, Дазайн жоспар да болады. Демек, ішкі болушысының төңірегінде тастанды-болу халіне көшкенде өзінің болмыс мүмкіндіктерінде үнемі алда тұрады. Бұл тасталуды құлау дейміз. Дазайн қорғансыз дүниеге тасталған. Ол өмір сүруге талпынады, алайда оны дәйексіздік пен күнделікті тірліктің тоқырауына терең батыратын торығу қинайды. Мылжындық – сөздің, әуестік – тануға деген нағыз талпыныстың орнын басады, барлық жерде де екіұштылық...

«Дерексіздік өзі құрайтын дүниеде енді болмайтын нәрсені көмескі етіп көрсетеді, ал өзі толығымен алып қоятын дүниедегі аса маңызды бар нәрсені айғақтайды...», – дейді М. Хайдеггер.

## VI тарау

Қам-қарекет Дазайнның болмысы ретінде: Әлдекімнің мызғымас билігіне бағынған соң, Дазайн көп қырлы және әр текті болмысының біртұтастығымен, өзінің дүниеге қатысымен, дүниедегі-болмысымен қам-қарекеттің (Sorge) іргелі құрылымына ие болады. Қам-қарекет мұнда жабырқаулық, әурешілік немесе алаң көңілді емес, «...болмыспен қарым-қатынас формасын білдіреді...». «Адамның кемелденуі немесе басқаша айтқанда, оның өзінің ажырамас мүмкіндіктер еркіндігінің арқасында кім болғысы келсе сол болу қабілеті – қам-қарекеттің ісі». «Болмыстың мәні туралы мәселе болмыс туралы түсінік болған кезде ғана қойылады» «Сана туғызып отырған шешімде ғана жағдайда-болмыс арқылы өзінің өзгермейтін шектеулі мүмкіндіктерін аша отырып, Дазайнның нағыз өзімен-өзі болу қабілеті ашылады».

## ЕКІНШІ БӨЛІМ: ДАЗАЙН ЖӘНЕ УАҚЫТТЫҚ

Қорқыныш сезімі ұялаған Дазайн өз болмысының қожайыны болмаса да, бейболмыспен анықталатынын түсінеді: «өлім түрінде ақырына жеткен Дазайн-болмысы, онымен бірге бұл



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер (1889–1976)

болушының барлық-болмысы, оның барлық-болмысын анықтауға тек онтологиялық толық ұғым, дәлірек айтқанда, өлім ұғымы игерілгенде ғана қатаң адекватты түрде қосылуы мүмкін. Өлім – Дазайн болмысының негізі. Дегенмен қам-қарекеттің онтологиялық мағынасы – уақыттық. Сондықтан күн тәртібіне Дазайн мен уақыттық арасындағы қатынасты қарастыру шығады: «Уақыт Дазайнның бастапқы мағынасын құраса, сонымен қатар ол өзінің сол болмысының болмысында аталған болушыға жататын болса, қам-қарекет уақыттың мұқтаждығы болып, оны ескеруі тиіс».

## I тарау

Дазайнның мүмкін «барлық-болмысы» және «өлім-үшін-болмыс»: «Дазайн бұдан былай ештеңе күтпейтін халде тіршілік ете бастағанда, ол бірден «осында-енді-бейбітшілік» күйіне автоматты түрде көшеді. Болмыстың осы қалдықтары жойылған сәттен бастап, ол бейболмысқа айналады. Дазайн болушы ретінде тіршілік етіп жатқанда, ол өзінің «нәтижесіне» қол жеткізе алмайды. Алайда қол жеткізген күні-ақ, ол өзінің «дүниедегі-болмыс» қасиетін бірден жоғалтады және сол кезде болушы ретінде оны анықтау мүмкін болмай қалады».

Дазайнның өзінің ақтық нәтижесінде өлімге қол жеткізгені оның «осында-болмыс» сипатын жоғалтуын білдіреді. Оның уақыттық пен қатынасы «өзінен-озған-болмысы», басқасын былай қойғанда, «ақыры-үшін-болмысқа» жетелейтін «барлығы-болу-қабілетін» қамтитын тұтасымен қам-қарекет ретіндегі қасиетіне айналады. «Өледі» сөзінде иненің көзіндей саңылау бар: «Әлдекім» «өлімге-болмысты» өзіне көбірек тән сипатқа жасыруға құқық береді және бұл «әлдекімде» оны өзінен жасыруға азғырушылық күшейе түседі». «Өлім-үшін-болмыс», Дазайнның соңғы және бұлтартпас қабілеті, өз болмысында оны нақтылыққа жетуге мәжбүрлей алатын жалғыз қасиеті: «мен өлемін, демек, мен бармын». Өлімнің бетіне тік қарау – Дазайн үшін бейболмыс ретінде өмір сүру мүмкіндігі.

## II тарау

Дазайн болмысының өз қабілетінің айғағы және шешім: Өлімді мойындау «әлдекімге» өзіңді қарама-қарсы қоюды білдіреді. Дазайнға барынша тән болмыстың қабілеті осылайша болмыстың абсолютті мүмкін еместігінен келіп туындайды, мұның өзі тіршіліктің ойдан шығарылғанға негізделгенін айғақтайды.

## III тарау

Дазайнға ғана тән болмыс қабілеті және уақыттық – қам-қарекеттің онтологиялық мағынасы ретінде: Уақыт қам-қарекетті туғызады. Дазайн өзін уақыт еншісіне беріп тіршілік етеді. Дүниеде өзінен ілгері бола отырып, Дазайн «болашақтағы-болмыс», өлімді алдын ала сезу ретінде ұсынылады: «алдын ала сезу мүмкіндік секілді өлімнің мүмкін екенін айқындайды». Ес жия және өзінің «ендігі-дүниенің-қасында-болмыстың» «кінәсін» батыл мойнына ала отырып, ол өзіне-өзі ашылуы мүмкін. Уақыттық қам-қарекеттің құрамдас жайттарының – тіршілік ету, ойдан шығару, тоқыраудың тұтастығын мүмкін етеді. Өзінің «болашақтағы-болмысында» Дазайн «өткендегі-болмысына» қайта оралады және осы алдағы «өткендегі-болмыста» қазіргіні күтеді. «Өткендегі-болмыс» өзінің бастауын болашақтан алады, себебі болашақ қазіргінің өзінен шығуын мүмкін етеді. «Экстатикалық» уақыттықтың бастапқы және бөлінбейтін феномені осылай.

## IV тарау

Уақыттық және күндегі ахуал: Мұнда уақыттық пен түсінудің, қызбалықтың, тоқыраудың, сөздің ара қатынасы қарастырылады. Уақыттық – болмысты өз шеңберінен сыртқа ығыстырып



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер (1889–1976)

шығаратын күш. Одан әрі Хайдеггер күндегі қам-қарекеттің уақыттығын, бұл қам-қарекеттің ғылыми әрекетке айналуын және оның уақыттық мәнін, дүниенің тылсымдығы мәселелерін де қарастырады.

## V тарау

Уақыттық және тарихтағы бірізділік Уақыт ағымына орналастыру процесін, сонымен қатар тарихилықпен немесе тарихтағы бірізділікпен тоғысуды сипаттай отырып, Хайдеггер уақыттықтың өзі мен бастапқы мәнін түсінуге талпыныс жасайды, себебі Дазайн тағдыр шеңберінде өзінің жеке тарихын өз замандастарымен бөлісе отырып жазады. Ол уақытты уақыт ағымына орналастыра отырып, тарих әлемін құрастырады. Дегенмен күмәнді тіршілік секілді уақыт ағымына уақыттың бастапқы орныққанын ұмытады да, уақыттан тыс күйге, сондай-ақ желілік және шексіз уақыттың «қарабайыр» ұғымы көрсететін күнделікті күйбеңнің уақыттан тыс халіне ауысады, шын мәнінде, бастапқы нақты уақыттық тіршілік соңының көрінісі саналады.

## Түсінуге қиын шығарма

Хайдеггер пайымының мәнін ұғыну әсте оңай емес. Оның сөзі тілдің қызметін атқарады. Біз грамматиканы жетік білгенде ғана, мағына мазмұнын ұғынуға жол табамыз. Алайда бұл шығарма кез келген өзге туындыға қарағанда көбірек еңбектенуді қажет етеді.

## Аударманың қиындығы

«Болмыс және уақыт» шығармасын тәржімелеуге кіріскен француз аудармашылары талай қиындыққа тап болды. 1964 жылы аудармалардың жекелеген алғашқы нұсқалары жарияланды. Тек 1985 жылы ғана Э. Мартино шығарманы толықтай француз тіліне аударып, бастырады.

1986 жылы «Галлимар» баспасынан шыққан Франсуа Везеннің тұңғыш саналатын ресми аудармасы кей мамандардың көңілінен шыға бермейді... Сондықтан да бұл кітапқа алғаш үңілген жоғарғы сынып оқушыларының, тіпті студенттердің қатты қиналатынын түсінуге болады. Біз немістілді оқырмандарымызға Хайдеггердің ана тілінде пайдаланған ұғымдарын жеңіл ұғыну мақсатында көбіне неміс тіліндегі терминдерді сол қалпында беруге тырыстық.

## Гуссерль және Хайдеггер

«Болмыс және уақыттың» алғашқы қолжазбасын 1926 жылы оқыған Гуссерль оның жазылу формасын қабылдамады. Хайдеггермен арасы алшақтағаннан кейін, Гуссерль 1930 жылы «Болмыс және уақытты» ыждағатпен ден қойып, қайта оқиды. Ол 1931 жылдың қаңтарында Александр Пфендерге Хайдеггердің шығармасын мұқият зерделегенін жазады:

«Мен философиялық тұрғыда Хайдеггер талдауының тереңдігіне, осы бір ғаламат бейғылыми еңбекке ешбір қатысымның жоқ екені туралы; оның ашық және турашыл сыны өрескел жаңсақтыққа негізделгені туралы; қазір оның өмірде болуы мүмкін еместігін мен өмір бойы дәлелдеуді парыз тұтқан ойларға ұқсас жүйелі философия түзіп жатқаны туралы өкінішті қорытындыға келіп отырмын. Мұны менен басқа философтар әлдеқашан түсініп қойған. Мен өз тұжырымдарымды Хайдеггерден жасырған емеспін және оның жеке басына қатысты ешқандай пікір айтпаймын. Ол түсініксіз күйінде қалды» (сілтемені келтірген Хуго Отт).

Гуссерль қысқаша айшықтаған эпистемологиялық күмәндану дүниеге осылай келді. Оның шәкіртінің орны басқалардан бөлек тұр. Олардың бірлесе өрлеуі аяқталды. Дегенмен



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 21. Мартин Хайдеггер (1889–1976)

екі философ та ойларын дәйектеу үшін феноменологияға және қатар тіршілік ету ұғымдарына сілтеме жасайды.

## Сартр және Хайдеггер

Сартр – Хайдеггердің «Болмыс және уақытын» Францияда оқыған алғашқылардың бірі. Бұл кітап оны мән мен болмыс философиясымен қош айтыстырған «Болмыс және ештеңені» жазуға жетеледі. Оның 1939–1940 жылдары Хайдеггерді зерттеуі – Екінші Дүниежүзілік соғыс барысында тапқан тарихилық туралы ойларына себеп болды. Сартр адам жайғасқан орын және сана бұл күйге оны мәжбүрлеп таңса да, өзін айшықтай білетініне жауап бере алатыны туралы оймен келіседі. Сонымен қатар ол Хайдеггердің «анықтық» ұғымын қолдайды. Сартр туралы «Әдіс мәселесі» тарауынан сіздер аталған философтар ойларының басқа да тоғысатын тұстарының бар екеніне көз жеткізесіздер, мысалы, «өзге-үшін-болмысты» алсақ болады. Алайда Сартр мен Хайдеггер арасындағы даудың түп-негізі – «өлім-үшін-болмыс».

Сартрдың пікірінше, болмыстың мұндай сипатта көрініс табуы адамның тіршілігіне және табиғатына тән емес. «Тұтастық» менің тәнім секілді факт түрінде беріледі.

Адам тұтастықпен келіспейді, себебі сана өлімді «қабылдай алмайды», өйткені ол адам уақытының шеңберінен шығып кетеді. Мен өзімнің жеке өлімім туралы ойлана алмаймын, өйткені мен өлгенде менің санам тіршілік етпейді. Бар болу туралы ойлануға мүмкіндік беретін нәрсе – сана. Өлім келген сәттен бастап мен тіршілік етуімді тоқтатамын. Олай болса, өлім адамның санасынан тыс болады, өйткені сана уақыт ағымында ғана дами алады, ал өлім оның аяқталғанын білдіреді. Көріп отырғанымыздай, аталған дәйек Хайдеггердің күллі ой-тұжырымын дүдәмал ете түседі, өйткені ол үшін менің өлімімнің санасы кез келген айқын сананың негізі саналады...

## Хайдеггер саясаты

Хуго Отт еңбектері мен Жан-Пьер Фенің соңғы зерттеулерінен кейін «Болмыс және уақыттың» және Хайдеггердің нацистік міндеттемелері арасындағы байланыс туралы өзімізге сұрақ қоймай тұра алмаймыз.

Мәселен, Х. Отт өзіне Хайдеггер философиясы мен Үшінші рейх арасында әлдебір байланыс бар ма деген сауал тастайды. Ол Үшінші рейхтан өзінің философиясының жалғастығын көре алды ма?.. Қазіргі таңда кез келген зерттеуші бұл пікірталасқа қатыса алады. Біздің зерттеуіміз аталған тақырыптың жүгін көтере алмайды. Сондықтан оған қызығушылық танытқан оқырманға мәселеге қатысты талай құжатнамалық материал келтірген Хуго Отт шығармасын оқуды ұсынамыз.